

Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 129 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 мамырда № 4589 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 3 бабының 7 тармағына және 6 бабының 2 тармағына сәйкес Қазығұрт ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 307 "Жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3965 тіркелген, 2017 жылғы 17 ақпанда "Қазығұрт тынысы" газетінде және 2017 жылғы 16 ақпанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.А.Қалымбетовке жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Түркістан облысының жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары
басқармасы" мемлекеттік мекемесі

Ескерту. Қаулының сол жақ төменгі бұрышы жаңа редакцияда - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 27.12.2022 № 368 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2018 жылғы 17 сәуірдегі
№ 129 қаулысына
қосымша

Қазығұрт ауданы бойынша жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 27.12.2022 № 368 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Автомобиль жолдарының индексі	Автомобиль жолдарының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KXKZ-1	"Шарбұлақ - Қарабау - Амангелді" - Ақбастау (Ленин жолы) - Қарабау	14,8
2	KXKZ-2	"Қазығұрт - Тұрбат" - Қызылдихан	5
3	KXKZ-3	"Қазығұрт - Тұрбат" - Өндіріс	12
4	KXKZ-4	"Шарапхана - Жаңабазар -1 Мамыр" - Қызылата	4,5
5	KXKZ-5	"Шарапхана - Жаңабазар -1 Мамыр" - Майбұлақ	4,6
6	KXKZ-6	"Шарапхана - Жаңабазар -1 Мамыр" - Тесіктөбе	10
7	KXKZ-7	"Тесіктөбе - Өгем"	26
8	KXKZ-8	"Тұрбат - Қаржан" - Аққұм	14,6
9	KXKZ-9	"Амангелді - Қаржан" - Алтынтөбе	2,5
10	KXKZ-10	"Амангелді - Қаржан" - Қаржан	3,5
11	KXKZ-12	"Шарапхана - Жаңабазар - 1 Мамыр" - Жана жол	3,6
12	KXKZ-13	"Қарабастау - Жеңіс" - Қызылбұлақ	22

13	KXKZ-14	"Шарапхана - Жаңабазар - 1 Мамыр" - Бейнеткеш	4
14	KXKZ-15	"Шарапхана - Жаңабазар - 1 Мамыр" - Талдыбұлақ	7
15	KXKZ-16	"Шарапхана - 1 Мамыр" - Махамбет	3,3
16	KXKZ-17	"Алматы - Термез" - Майлыюшақ	1,7
17	KXKZ-18	"Шанақ бекеті - Бақабұлақ"	7
18	KXKZ-20	"Сарыағаш - Жылға - Монтайтас - Рабат - Сұлтан рабат" - Амангелді	16,4
19	KXKZ-21	"Ақтас - Рабат - А 2" - Қ.Мамбетұлы	0,8
20	KXKZ-22	"Сарыағаш - Жылға - Монтайтас - Рабат - Сұлтан рабат" - Қызылдала	14,5
21	KXKZ-23	"Сарыағаш - Жылға - Монтайтас - Рабат - Сұлтан рабат" - Жаңаталап (Ақпан Батыр)	4,5
22	KXKZ-24	"Сарыағаш - Жылға - Монтайтас - Рабат - Сұлтан рабат" - Қызылкезең (Ақпан Батыр)	3
23	KXKZ-25	"Шарапхана - Жаңабазар - 1 Мамыр" - Үшбұлақ	3
24	KXKZ-26	"Айнатас - Қакпак" - Сырлысай	9
25	KXKZ-27	"Айнатас - Қакпак" - Бижансарай	3
26	KXKZ-28	"Айнатас - Қакпак" - Тұғыртас	9
27	KXKZ-29	"А-2 - Қазығұрт - Қызылкия - Ақжар - Дербісек - А-2" - Ынтылы	2
28	KXKZ-30	"Айнатас - Қакпак" - Қызылсеңгір	3
29	KXKZ-31	"Ақжар - Ескі Шанақ - Шанақ бекеті"	22
30	KXKZ-33	"Ескі Шанақ - Ызабұлақ"	6
31	KXKZ-34	"Шарапхана - Жаңабазар - 1 Мамыр" - Тесіктөбе - Көктен ата	9,7

32	KXKZ-35	"Сарыағаш - Жылға - Монтайтас - Рабат - Сұлтан рабат" - Атбұлақ - Ақбура бұлағына жол	5,8
33	KXKZ-36	"Шарапхана - Жаңабазар - 1 Мамыр" -Жылыбұлақ - Жаңажол - Айнатас	4,5
34	KXKZ-39	"Тесіктөбе - Қызылбұлақ "	3,4
35	KXKZ-41	"Қазығұрт - Тұрбат" - Өндіріс - Қакпақ (9 Көктөбе арқылы)	9
36	KXKZ-42	"Қазығұрт - Тұрбат" - Шарбұлақ" Шарбұлақ - Қарабау - Амангелді"	1,4
37	KXKZ-43	"Шарапхана - Жаңабазар - 1 Мамыр" - Қарабастау	3,2
38	KXKZ-44	"Алматы - Термез" - Қызылдала	7
39	KXKZ-45	"Жаңабазар - Суықбұлақ - Жаңаталап"	11,2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК